



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ- ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢ МАҢЫЗДЫ САУДА СЕРІКТЕСІ

ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Роман Василенко еуропалық бағытта жүргізіліп жатқан жұмыс барысы мен Қазақстан-Еуропа ынтымақтастығының келешегі туралы айтып берді.

Қазақстан мен ЕО арасындағы ынтымақтастықтың жоғары деңгейі экономикалық салада әлеуетті іске асыру үшін қолайлы жағдайлар қалыптастырды. Еуропалық одақ – Қазақстанның ең ірі және

дықтардың бірі ретінде бекітті», деді Сыртқы істер министрінің орынбасары Р. Василенко.

Қазақстан мен Еуропалық одақ КӘЫК-ты толық іске асыру мақсатында өзара тиімді екіжақты қатынастарды одан әрі дамытуға және нығайтуға берік ұстанымын сақтап отыр.

«Өткен жылы өңірімізде және әлемде болған елеулі геосаяси және геэкономикалық сілкіністерге қарамастан, Еуропамен қарым-қатынасымыздың деңгейі көтеріліп, оның мәні арта түсті. Біздің Мемлекет басшысынан бастап, Еуропа-



маңызды сауда серіктесі, оның үлесіне елдің сыртқы саудасының шамамен 30 пайызы тиесілі. 2022 жылғы тауар айналымының көлемі 2021 жылғы көрсеткіштен 27, пайызға өсіп, 40 млрд АҚШ доллар (экспорт – 32,3 млрд, импорт – 7,6 млрд) құрады. ЕО елдерімен инвестициялық ынтымақтастық та жаңа сапалы деңгейге көтерілуде. 2022 жылдың 9 айында инвестициялар ағыны 10 пайызға өсіп, 8 млрд АҚШ долларды құрады.

«Қазақстанның Еуропамен өзара әрекеттесуі тәуелсіздік жылдарында еліміздің көпвекторлы, прагматикалық және теңгерімді сыртқы саясатының негізгі компоненттерінің бірі болып қала береді. 2020 жылғы наурыздағы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз жарлығында 2020-2030 жылдарға арналған Сыртқы саясат тұжырымдамасының Еуропалық одақпен және еуропалық мемлекеттермен ынтымақтастықты одан әрі дамыту маңызды басым-

лық одақ институттарының және жетекші еуропалық мемлекеттердің басшыларымен барлық деңгейдегі саяси диалогымыз нығая түсті. Атап айтқанда, Астанаға Андорра, Германия, Греция, Польша, Литва, Мажарстан және басқа да Еуропа елдерінің сыртқы істер және көлік министрлері келді. Өз кезегінде, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді Ұлыбританияға, Германияға, Польшаға, Аустрияға, Люксембургке, Португалияға, Солтүстік Македонияға сапармен барып, Франция, Словения, Кипр, Норвегия, Швеция мен Эстониядағы әріптестерімен екіжақты келіссөздер жүргізді», деп мәлімдеді Р.Василенко.

Баспасөз конференциясының соңында министрдің орынбасары еуропалық серіктестердің екіжақты ынтымақтастықтың барлық спектрін ілгерілетуге жоғары қызығушылығын атап өтті.

«Созақ үні»-ақпарат.



## Ауылдық емханалар үшін 1 100 МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРІ ДАЯРЛАНАДЫ

Үкімет басшысы 1 сәуірге қарай алғашқы көмек көрсету объектілерін салу бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуді аяқтау, 1 мамырға дейін көпбейінді аудандық ауруханаларды күрделі жөндеу және қайта жаңарту үшін құжаттаманы әзірлеу қажеттігін айтты.

«Ауылдағы медициналық көмектің сапасын арттыру мақсатында «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында өңірлерде 655 алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысанын, оның ішінде 253 медициналық пункт, 242 фельдшерлік-акушерлік пункт және 160 дәрігерлік амбула-

тория салу көзделіп отыр. 32 көпбейінді орталық аудандық аурухананы (2024 жылы – 7, 2025 жылы – 25) жаңғырту жоспарланып отыр. Онда инсульт орталықтары, кардиология, жансақтау және оңалту бөлімшелері ашылып, олар КТ, МРТ, УДЗ, ӨЖЖ аппараттарымен жарақтандырылмақ», деді Денсаулық сақтау министрі Ажар Гинаят.

Сонымен қатар ол ауылдық денсаулық сақтау объектілері үшін 1 100 медицина қызметкерін даярлау жүзеге асырылатынын айтты.

Премьер-министр биыл құрылысы басталатын медициналық нысандардың барлығына дерлік жер бөлінгенін

атап өтті. Тек Ұлытау облысында ғана аталған жұмыстар жалғасуда.

«Әкімдік жер учаскесін бөлу жұмыстарын бір апта ішінде аяқтауы тиіс», деді Әлихан Смайылов.

Әлихан Смайыловтың айтуынша, жаңа медициналық нысандарды кадрлармен қамтамасыз етуді алдын ала қарастырып, оларға әлеуметтік қолдау шараларының толық пакетін ұсыну қажет.

«Тағы да атап өтемін, Ұлттық жобаны іске асырудың әрбір кезеңін жобалық басқару жүйесі шеңберінде тұрақты бақылауға аламыз», деді Үкімет басшысы.

## Салық кодексі жобасы талқыланды

Президенттік жастар кадрлық резервінің мүшелері салық саясатының өзекті мәселелерін талқылады.

Астанада Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров ПЖКР мүшелерімен кездесу өткізді. Жиында жаңа Салық кодексінің жобасы талқыланды. Сондай-ақ кездесуге Ұлттық экономика вице-министрі Азамат Әмрин, ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары Ж. Нұржанов, ҚР ҰЭМ Салық және кеден саясаты департаментінің директоры Ерлан Сағынаев қатысты.

ҰЭМ басшысы атап өткендей, осы құжатты әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамына мемлекеттік органдардың өкілдері, салық салу саласындағы сарапшылар және кәсіпкерлер кірді.

«Министрлікте жаңа жылдан бастап жаңа Салық кодексінің жобасын талқылау басталды. Ол салықтық әкімшілендіруді түбегейлі қайта қарауды, цифрландыруды, сән-салтанат салығын енгізуді көздейді. Бұдан бөлек, салық мөлшерлемелерін саралау, үдемелі табыс салығының тетіктерін қарастыру бойынша жұмыс жүргізілетін болады», деді Ә.Қуантыров.

Кездесу барысында қатысушылар са-



лықтық әкімшілендіруді жеңілдету-бизнес субъектілерінің басты сұраныстарының бірі болып табылатынын атап өтті. Жұмыс берушілерге жүктемені азайту мақсатында еңбекақы төлеу қорынан төлемдер санын жеңілдету және қысқарту бойынша жұмысты жалғастыру қажет.

Сондай-ақ көрші елдерге экспорттай алмайтын жер қойнауын пайдаланушыларға преференциялар беру және ЖТС (жеке табыс салығы) прогрессивті шкаласын енгізу бойынша ұсыныстар айтылды. Сонымен қатар бизнес субъектілерін тарту үшін табыс шегін алып тастау және бөлшек салық режимі бойынша қызметті кеңейту ұсынылды.

Сән-салтанат салығы жылжымайтын мүлік объектілерінің санымен емес, олардың құнымен есептелуі керек дейді қатысушылар. Сонымен қатар олар бағалы қағаздар нарығы бойынша салық салу кезінде пайдалы мәмілелермен қатар, жыл қорытындысы бойынша салықты есептеу үшін теріс мәмілелерді де ескеруді сұрайды.

Кездесу қорытындысы бойынша министр барлық қатысушыларға белсенділігі үшін алғысын білдіріп, айтылған ұсыныстар қосымша зерделенетінін жеткізді.



## Асыл аналарға деген құрмет жалғасуда

Шолаққорған ауыл округі әкімі Әділ Елібаев пен Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы Ерлан Райымқұлов Шолаққорған ауылының тұрғыны, 10 баланы дүни-



еге әкеліп, батыр ана атанған Гүлжахан Балшенова апамыздың шаңырағында болды. Алтын құрсақты, ақ жаулықты Гүлжахан апаны мерейлі мерекесімен құттықтап, сый-сияпат табыс етті.

## Аналар зор құрметке лайықты

Қарақұр ауылдық мәдениет үйінде Халықаралық әйелдер күніне орай "Ана тіршілік тірегі" атты мерекелік концерт болып өтті. Қарақұр ауыл округ әкімінің м.у.а. Бимендиев Ғалым Әбдірашұлы аналарды құттықтап, «Central Asia minig Co» компаниясы өз демешілігімен барша тыл, еңбек

ардагерлері мен көп балалы аналарымызға сый-сияпат көрсетті. Мерекелік шараға Қарақұр ауылдық мәдениет үйі және ауыл көркемөнерпаздарының дайындаған концертіне ауыл тұрғындары түгелге дерлік қатысты.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

## Созақ аудандық қоғамдық кеңес мүшелеріне және аудан тұрғындарының назарына!

Аудандық қоғамдық кеңесің кезекті мәжілісі 2023 жылдың 29 наурыз күні сағат 11:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында өтеді.

1.Аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және көп балалы аналарға, балаларға көрсетілетін жәрдем, жұмыссыздарды қоғамдық жұмысқа тарту барысы, қайтарымсыз гранттар туралы» жұмыстары, 2023 жылға арналған жұмыс жоспары және атқарылып жатқан жұмыстарына талдау жасау, басшысының есебін тыңдау.

2.Аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің «Көктемгі егіс науқанына дайындығы, жерді игеруге бөлінетін субсидиялардың тиімді берілуі туралы» жұмыстары, 2023 жылға арналған жұмыс жоспары және атқарылып жатқан жұмыстарына талдау жасау, басшысының есебін тыңдау.

3.«Түркістан облысы әкімдігінің ауылшаруашылық басқармасының «Ветеринария қызметі» шаруашылық жүргізу құқығындағы КММ Созақ ауданының филиалы» басшысының 2022 жылы атқарған жұмыстары, 2023 жылға арналған жұмыс жоспары және атқарылып жатқан жұмыстарына талдау жасау, басшысының есебін тыңдау.

4.Басқада мәселелер.

Қоғамдық кеңес мүшелерін тіркеу 29- наурыз күні сағат 10:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында жүргізіледі.

**Созақ аудандық  
Қоғамдық кеңес төрағасы**

**М.Сапаров.**

## Созақ ауданы тұрғындарының назарына!

Созақ аудандық Қоғамдық кеңес мүшелеріне 2023 жылдың 28 наурыз күні қоғамдық қабылдау өткізетіндігін хабарлаймыз!

Өтетін орны; Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Созақ ауданы әкімдігі ғимараты 1-ші қабат 108 кабинет, басталуы сағат 10:00 де

Қосымша сұрақтар бойынша байланыс нөмірі; +77756006400, эл.почта; sozak\_k.kenes@mail.ru

**Созақ аудандық  
Қоғамдық кеңес төрағасы**

**М.Сапаров.**



## Жаппай сенбілік ұйымдастырылды



Наурыз мейрамын атап өтуге арналған іс-шаралар аясында, «Наурыз-тазалықтың айнасы» атты аудан бойынша жаппай сенбілік

өтті. Аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов абаттандыру және көгалдандыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың ба-

сында болып, көркейту көгалдандыру мақсатында "Абай" саябағының ішіне шырша көшеттерін отырғызды. Жауапты мамандарға әрбір жаңадан отырғызылған жас көшеттерді уақытылы суғарып, күтіп-баптауды тапсырды. Айта кетейік, наурыз айы басынан аудан аумағында 11 070 түп ағаш, 2100 түп гүл көшеттері отырғызылды. Ұйымдастырылған сенбілік барысында әр мекеме өздеріне бекітілген сектор бойынша тазалық жұмыстарын атқарды. Мекемелердің ауласына, көше бойлары мен аяқ жолдарды, саябақтарды, балалар алаңшалары мен спорт алаңшаларына тазалық жұмыстарын жүргізіп, каналдар мен бұлақтардың арналары ашылды. 1340 тоннаға жуық қоқыстар жиналып, арнайы полигондарға төгілді.

## "Мерген қыз-2023" сайысы өтті



Таукент кентіндегі І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебінде АӘТД пәнінің мұғалімі Нұрлыбеков Орынбек ағайдың ұйымдастыруымен 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне және қазақтың даңқты мерген қызы, Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованы еске түсіруге байланысты мектептегі "Жас ұлан" үйірмесінің қыздар тобының арасында ПВ атудан мерген қыздар сайысы өткізілді. Сапқа тұрған сайысқа қатысушылар алдында әскери жетекшіміз Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың өмірі мен ерлік істері

жөнінде мәлімет берді. Отанға, туған жерге, елге деген сүйіспеншілік, бейбіт уақытта үздік оқумен бірге тәртіпті болу, мектептегі қоғамдық жұмыстарға, спорттық жарыстарға белсене қатысып мерген қатарынан көріне білу керек екенін баяндап берді. Сайыстың өткізілу тәртібін түсіндірді. Сайыста үздіктер қатарынан көрініп 1-орынды 10 а сынып оқушысы Байзақ Қалмақас 27 ұпаймен, 2-орынды 11-а-сынып оқушысы Дайрабай Ақниет 24 ұпаймен, 3-орынды 11-а-сынып оқушысы Кенжетай Асылай 21 ұпаймен иеленді. Сайыс

жеңімпаздарын мектеп әкімшілігі мақтау қағаздармен және де бағалы заттармен марапаттады. Сонымен бірге жарысқа қатысушы басқа да оқушыларды белсенділігі үшін мақтау қағаздармен марапаттады және Қыздар мерекесімен құттықтады. Сайыс соңы мектептегі көркемөнерпаздардың патриоттық әндерге жалғасты. Мектепте әскери патриоттық тақырыптарда сайыстар жиі өткізіліп тұрады.

**Айдина АСАН,  
Кеңесбаев атындағы  
жалпы орта мектебінің  
11 а сынып оқушысы.**



## Құрметке бөленген жан

«Шәкіртке ұстаз болу-ірілік, Ұстазға ұстаз болу-ұлылық!» деген екен дана халық. Осындай ұлы көштің басында жүрген мектебіміздегі директордың ғылыми істер жөніндегі орынбасары Адырбекова Гүлбану



апайымыз туралы мақала жазу көптен ойымда жүрген еді. Гүлбану апай қашан көрсен де күлімсіреп, сабырлылығын жоғалтпайды. Өз ортасына беделді, сыйлы жан. Осы ортада жұмыс жасағанына 30 жылдан асыпты. Үнемі шабытыңа шабыт қосып, тың идеяларымен бөлісіп отырады. Адамға сөз- демеу, көмек, шабыт. Қандай істің болсын қиынын қиыстырып, барлық ақыл-ойын өрнектеп жібергенде жаңа ғана қиын істің жеңіл болып кеткеніне таңғаласың.

Ия, адам қандай қиын белес болса да бағындырады және биіктен көрінері хақ. Ол осы ұстаздық жолда талай шәкірттің жүрегінен жол тауып, білім нәрін сепкен еді. Өз кезегінде шәкірттері түрлері байқауларға қатысып, ғылыми жоба қорғап, аудан, облыс, республика көлемінде бақ сынады. Сол шәкірттерінің алғашқыларының бірі- мектеп директоры Күзенбаев Айбар, Бегманов Ақжан, Ыдырысбаева Райхан, т.б. білім саласына өз үлесін қосып жүрген жайы бар. Әртүрлі қызмет саласында жүрсе де шәкірттерінің ұстазға деген құрметі ерекше. Ұстаз қашанда шәкіртімен мақтанады. Мақтан тұтар шәкірттері көп болғай. Сонымен бірге Гүлбану апай мектепте іскер басшы болса, отбасында адал жар, ардақты ана, аяулы әже. Жолдасы Шал Кенжебай екеуі 1 ұл, 3 қыз тәрбиелеп, өсірді. Барлығы да жоғарғы оқу орнын бітіріп, өмірде өз орнын табуда. Мұның бәрі ата-ананың берген тәрбиесінің жемісі.

Гүлбану Шекербекқызын көктем мерекесімен және тұспа-тұс келген туған күнімен шын жүректен құттықтаймын. Шығармашылық шабыты асқақтап, еңбегі табысты, жемісті бола берсін демекпін.

**Маржан НҰРМАҒАНБЕТОВА,  
Қ.Сәтбаев атындағы мектеп гимназияның қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі.**

## Түкпірдегі түтін



# Тайқоңырдағы жау қоңыр тіршілік

—Адам баласы Алланың берген ғмырын әркім өз ақыл-парасатымен мәнді етпек. Тіршілік етіп, қоңыр тірлікті ұлқызы, немерелерінің қызықшылығына нәсіптеп жүрген еңбекқор қарияларымыздың бірі- Тайқоңыр ауылының тұрғыны Оңдыбайұлы Сапарғали ағамыз. Тайқоңыр елді мекені аудан орталығы Шолаққорғаннан 350 шақырым қашықта орналасқан. Қысы қатты аязды, ызғырықты желі бар, жазы қоңыр салқын малға жайлы өңір. Бетпақдаланың кіндік ортасы саналатын ең шеткі түкпірдегі елді мекен. Оның тарихы өз алдына бір тақырып.

—Мен отбасында балаларыма жөнсіз ақыл айтып, не болмаса қолға алған бастамаларына қарсылық танытып, тиым салған емеспін. Балалар қолдарынан келсе тірлік істеп, шаруашылықпен айналысамыз дегенде де қорқып, үріккен жоқпын. Олардың әрбір қолға алған тірліктеріне тек тәуекелшіл көзқараспен қарадым. Жалпы шаруашылық саласында талай жылдар еңбек еткендіктен тек бағыт-бағдар ғана беріп отырдым,-дейді Сапарғали аға. Сапарғали ағаның оңы мен солын танып, отбасын құрған екі баласы да жастайынан шаруашылыққа, оның ішінде төрт түлік малға бейім болып өсті. Әу баста осы екі баланың қолқалауымен екеуіне екі тай сатып алып берді. Үлкен ұлы Ерғали сол еркек тайды келесі жылы ұрғашы құнанға айырба-стап өсіріп, үйірге қосып құлынын алғысы келетінін білдіріп, соған жұмыс жасады. Арада інісі екеуінің екі құнанынан бір үйір жылқы пайда болды. Осылайша отбасы мүшелері жылқы баласын көбейтіп өсірумен айналысты. Негізінде Ерғали мен Бақыттың өз алдыларына өндіріс саласында жұмыстары болатын. Шаруашылықпен жұмыстан кейінгі бос уақыттарында, еңбек демалысы кездерінде жатпай-тұрмай айналысып, көп-көрім жетістіктерге қол жеткізді.

—Жастарымыз, осы Оңдыбаевтар сияқты еңбекқор отбасылардан үлгі алса деген ниетіміз бар,-дейді ауыл қариялары Оңдыбаевтарға қызыға қарап. Ауылдағы түрлі шаралардан қалмайтын, қолынан келсе ауылына, ондағы тума-туыстарға, жекжаттарға қол ұшын созып жүретін Сапарғали Оңдыбаевқа ауыл-аймағы алғысын жаудыруда. Отбасы иесі Сапарғали аға 1956 жылы осы Қаратау ауылында өмірге келген. 1971 жылы В.Панфилов атындағы сегіз жылдық орта мектепті бітіріп, Созақтағы кәсіптік техникалық училищенің механизатор бөлімін оқып тракторист мамандығын алады. Қаратау совхозында, кейін Тайқоңыр елді мекенінде тракторист болып еңбек жолын бастайды. Әкесі Оңдыбай колхозда қара жұмысшы, кейін ауылда по-

шташы болып еңбек етеді. Анасы Алтынқұл апамыз отбасында өмірге он шақты перзент әкелген ардақты ана. 1975 жылдың күзінде әскер қатарына аттанған Сапарғали 1977 жылы абыроймен азаматтық борышын өтеп туған ауылына оралады. Жастайынан бастап-ақ, жылқы баласына әуестеніп, жылқы басын көбейтуді ойлай бастайды. Әрі ол ойын талапты жігіт жүзеге асырады. Шолаққорғандық Ұлбала есімді арумен бас қосып отбасын құрайды. Жас отбасы жұмының қошқарларын бағады. Осы жылдар ішінде ірі қара малдың басын құрап алады. Сөйтіп Тайқоңыр елді мекеніне біржолата тұрақты қоныстанып қалады. Қасына ұлдары Ерғали мен Бақытты қоса алып шаруашылықтың қыры мен сырына баулып әкелік қамқорлығын көрсетіп келеді. Екі қолға бір күрек демекші, іліккен әртүрлі жұмыстар атқара жүріп, жылқы шаруашылығымен айна-



лысады. Бүгінде әулетінің ақсақалы ретінде туған-туыс, бауырларына қолынан келген көмегін беріп өзінің үлкендігін жасап келе жатқан аптал азамат. Біз мұны айтып отырғанымыз Сапар ағамыздың зор адамгершілігі жас буын келешекке мол үлгі-өнеге, ғанибетті ғибрат, татымды тәрбие.

—«Әке көрген оқ жонар» дегендей әкем марқұм Оңдыбай жақсы кісі еді. Талай тәлім-тәрбиесін алып едік. Сол кісі бізді —бауырларымызды тек еңбекке баулыды. Жалпы жылқы қасиетті мал. Мінсе адам баласының қанын тазартатын, адамға ақыл-ой, күш-қуат беретін, арманына қанат бітіретін қасиетті мал ғой. Осы мал түрін таңдап, оған оң қабақ танытып өсіріп, көбейтіп келеміз,-дейді Сапар аға. Отбасында жхбайы Ұлбала екеуі бес ұл-қыз тәрбиелеп, олардың үлкен өмірге бет бұруларына айталықтай жол көрсетіп келеді.

Ұлбала келіндерімен таңертең ерте

тұрып сиыр сауып құрт, ірімшік, қаймақ, қатық, сүзбе сияқты сүт өнімдерінен таза тағамдар әзірлеп, ауылдастарына табиғи өнімдерді ұсынды олар тұрақты еңбек дағдысына айналдырған. Осылайша берекесі дарыған отбасының отағасы Сапар ағамыздың ғибратты ісі көпшілікке өнеге болары хақ.

Жаз болса Ұлбала апай келіндері Сымбат пен Қаракөз екеуін жанына алып қолдағы сиырлардың сүтін керектеріне жаратып келеді. Құрт, ірімшік, қаймақ, айран сияқты күнделікті дастарханның сәнін келтіретін ұлттық тағамдарды әзірлеуді әдеттеріне айналдырған. Артылғанын ауылдастарына сатып малдарына азық алады. Қыс уақытысында сиырлар жайылым аралап тым алысқа ұзай алмай қолға қарап қалады. Жаздағыдай сүттің

шығымы болмаса да отбасының ризығына және айнала көршілердің шайқатығына жарайды.

Қыс түсе отбасы қысқы соғымның қамына кіріседі. Күз айының аяққы уақытысында жазда далада еркін жүрген жылқы баласы бабында болады. Созақта «жусан жеген мал» деген ұғым бар. Біздің Созақтың кез-келген ірі қарасының етін түйе болсын, жылқы немесе сиыр болсын Алматы, Астана, Шымкент қаласындағы азаматтар қыс түскеннен асыға күтіп жүреді. Қалай соғым уақытысы болады, дереу хабарласып, «Қандай малдың еті бар?» деп жатады.

—Біз де өзіміз отбасымызбен қысқы соғымға бір ірі қараны сойып, сарымсақтап, пияздап, қазыға тығатынын қазы жасап, былайша үлкен ыдысқа маринаттап не болмаса кептіріп қоямыз.

Ет керек еткен азаматтар болса, олардың да әжетін шығарамыз. Ұлдарымыз Ерғали мен Нұрғали жұмыстан босаған күндері жайылымда жүрген малдарды күніне бір рет барып түгелдеп, көріп, қай жерде жүргенін бақылап қайтады. Түз тағысынан бөлек кейде «адам тағысы» да бейсауат жүріп қалады. Сол себепті «өзіңе өзің сақ бол» деген тәмсілмен жиі бақылап отырамыз,-дейді отанасы Ұлбала апай.

Сонымен қатар, Ұлбала апай қолы қалт етсе көрпе көктеу, жастық тыс, жайма, көрпе қап сияқты үйге қажетті дүниелерді қол машинасымен тігіп, пішіп тастайды. Жалпы қазақта «қолы қимылдағаннан аузы қимылдайды» деген жақсы сөз тегін айтылмаса керек.

Қайсыбір жылы Сапекең ауыл айнала атқылап ағып жатқан артезиандардың бойынан шағын бау-бақшалықты игеруге әрекет етіп, үйге қажетті көкөніс егуді де қолға алып, одан әжептеуір өнім алып бір-екі жыл дәмін көріп еді. Кейін артезиан суы тартылып амалсыз жұмысы тоқтап қалды. Тайқоңыр құмды шөлейт жер суы да ащы, кермек. Былайша Бетпақ даланың ортасы ғой. —Өзім осы ауылдың шетінде орналасқан өндіріс орнында түнгі қарауыл болып жұмыс істедім. Қазір зейнет демалысындамын. Күндіз қолым бос, қол құсырып қарап отыра алмаймын.

Немерелерім де қолқанаттыққа жарап қалды. Жаз болса жиендерім келеді. Құдайға шүкір үйіміз азан-қазан базарға айналады. Құдай осы балаларымды жастарды, отбасы, ағайынды аман қылсын. Солардың арқасы,-дейді Сапарғали ақсақал.

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ,  
Қазақстан журналистер одағының мүшесі.**



# Фето ұйымының зияны

Фето секілді ұйымның пайда болуының алғы шарттары Осман мемлекетінің құлауымен, 1923 жылы Анкарада, Мұстафа Кемал Ататүріктің дінге қатысты зайырлылық қағидаларына негізделген республика құру кезеңінен бастау алады. 1924 жылы Осман мемлекетінің дінге қатысты біршама заңнамалары өзгертіліп, бірнеше діни бірлестіктеріне тыйым салынды. Атап айтсақ, конституциядағы «Ислам діні – мемлекеттік дін» деген бап алынып тасталды, діни қызметкерлердің саясатқа араласуына тыйым салынды. Осы заңдылықтар енгеннен кейін, қазіргі жамағатардың құрушылары елде дінді оқытуды жасырын түрде үйрете бастады.

Қазақстанда 1992 жылы алғашқы Қазақ-Түрік лицейі ашылды. Былай қарағанда тәуір-ақ дүние болып көрінгенімен, Кентау қаласынан бастап бой түзеген осынау түрік лицейлері алғашқы түлектерін тәрбиелеп шыққаннан бергі 20 жыл ішінде 28-ге жеткен. Аталмыш мәліметті Түріктердің танымал діни көсемі Фетхуллах Гүленнің сайты жазады. Әлемнің 170 елінде лицейлер ашқан Гүленнің қызметіне бағынышты осы түрік оқу орындарына түсудің өзіндік шарттары бар. Оған тек қатарынан оза шапқан зейіні мықты балалар ғана түседі. Ал, осы оқу орындарына түсуге бағы жанғандар басқа қазақ мектептерінен артық білім алуымен қатар, дін саласын жетік меңгеріп, «Қызмет қозғалысының ақ-адал мүридi» болып жетіледі.

Фето ұйымы оқу орындарына ақылды, зерек, алғыр балаларды ортасына толықтырып отырады. Әртүрлі олимпиада, жігіт сұлтаны, қыз сыны сияқты сайыстар өткізу арқылы жастарды сұрыптап отырды. Жамағаттың негізгі мақсатты аудиториясы 16 мен 30 жас аралығындағы жастарды қамтиды. Олармен алдымен достық қарым қатынасты орнатады, кейін оларды өздерінің әлеуметтік ортасына енгізеді. Тұлғалық қасиетке ие болатындай жағдай жасайды және діни сезімталдықты пайдаланып, өздерінің қатарларына қосады. Жатақхана, оқу орындар, мектептер осы жамағаттың негізгі аумағы болып табылады. Осы ұйымның қоғамға зиянды жақтары туралы қарастырып көрсек:

Зиянды жақтары:

Жамағаттың сырттан басқарылуы;

Жамағаттың избасарлары өздерінің пірлерін Мұхаммед (с.а.с.)пайғамбардың бүгінгі күндегі өкілі ретінде көруі;

Жамағаттардың бір-біріне жақсы қарым қатынаста болмауы. Бөлінушілікке алып келуі;

Ұстаздарының сөзі Алланың сөзі сияқты саналады. Дінді пірлерінің түсінігімен қабылдауы;

Дінді қару етіп, күнкөрісі төмен жастарға қамқор болып көрініп, өздеріне «әскер» қылып шығаруы.

Түркия елінен келген діни жамағаттар, әрбір әлеуметтік топтың бір мақсат айналасында топтасып, ұйымдасып, өзіне сай сипат қалыптастыруының артында үлкен әлеуметтік, экономикалық, саяси және тағы да басқа факторлар жатады. Әсіресе бұл діни топ болса тіпті нәзік тақырып болмақ. Жамағаттар экстремистік топқа немесе қандай да бір секта категориясына жатпайды. Ол жамағаттардың жақсы немесе жаман деп ажыратудың да керекі жоқ. Барлығы да сырттан келген діни жамағат категориясында қарастырылу керек. Шетелден келген діни жамағаттардың біздің еліміз үшін ең басты қаупі ол-сырттан басқарылатынында. Бұл ұлттық қауіпсіздіктің мәселесі. Сонымен қатар олардың ең потенциалды проблемасы бір-бірін мойындай бермейтіндері және алауыздыққа, топқа бөлінушілікке себеп болу ықтималдығы. Мұндай мәселе болса да, болмаса да біз оны қаперде ұстауымыз қажет. Олай дейтініміз олардың Түркияда ауызбіршіліктері айтарлықтай керемет деңгейде емес. Бөлінушілік жамағаттардың басындағыларда болмаса да төмендегілерде (ұстаздар, шәкірттер т.б.) көп байқалады. Осы сияқты кішкене бөлшектерде көптеген анықтауды, зерттеуді қажет ететін мәселелер жатады. Сондықтан жамағаттар мәселесі кең көлемді қарастыруды талап ететін маңыздылыққа ие.

**А.ҚҰРМАНБЕК,**  
дінтанушы маман.

Қазақстан – көпұлтты және көпконфессиялы мемлекет. Тәуелсіз еліміз үшін дінаралық татулық пен этносаралық келісімді сақтау маңызды. Алайда елімізде деструктивті ағымдар діни ахуалды күрделендіріп отырғаны жасырын емес. Осыған орай жастарға жат ағымдардың залалын түсіндіріп, діннің құндылықтарын қас-терлеу, адамды сую, бейбітшілік пен тыныштық – дәстүрлі діндердің басты ұстанымы екенін айтып отыру керек.

Дәстүрлі емес діни ұйымдардың қызметіне баға беру өте күрделі. Дегенмен, әлемдік тәжірибе бойынша көптеген елдерде дәстүрлі емес діни

орын алып жатқан жағдайлар соның айқын айғағы. Біздің елімізде де жат діни ағымның жетегінде кеткендердің 88 пайызына әлеуметтік желі мен интернет видеоресурстары әсер еткенін мамандар айтып келеді. Лаңкестік әрекеттерімен танылған ДАИШ халықаралық террористік ұйымы әлеуметтік медиа және ғаламтордың технологиялық қосымшаларын пайдалану арқылы өзге елдерден келген содырлармен қатарын көбейтті. Әлем бойынша оларға қосылушылардың 80 пайыздан астамы ғаламтор арқылы арбалғандар.

Деструктивті діни ағымдардың жастарды арбау әрекет-

қайда жылдам екені белгілі болып отыр. Деструктивті діни ағымдардың идеологтары ұсынатын контенттер өте әсерлі, қысқа, түсінікті әртүрлі форматта болып келеді. Бүгінгі таңда технологияның дамуына, заман талабына сай Қазақстан халқының 80 пайыздан астамы интернетте отыр. Ендеше, бұғатталған деструктивті ағымдардан босаған орындарды ұлттық құндылықтарды насихаттайтын материалдармен толықтыру – уақыт талабы. Қазақтың мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрін насихаттау, ата-бабалар ұстанған дін мен дәстүр сабақтастығын жалғастыру – діни теріс ағымдарға

# Жат ағымның жастарға әсері

ұйымдардың тіркелуіне уақытша шектеулер енгізіліп отырғанын атап өтуге болады. Сонымен қатар дәстүрлі емес діни ұйымдардың бірқатары өздері орналасқан елдің Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін қызметі үшін мемлекеттік органдардың да, қауымдастықтың да тарапынан қатты сынға алынып отырғандығы, тіпті тыйым салынатыны белгілі. Көбінесе бұл дәстүрлі емес діни ағымдар тұлғаның және жеке әлеуметтік топтардың, бірінші кезекте, жастар санасының ауытқуына, халқымыздың мәдени құндылықтарынан қол үзуіне әкеліп соғады.

Дәстүрлі емес діни ұйымдардың идеологиялық және басқа да жұмыстарының нысанына жастар алынатындығы жиі кездесетін жағдай. Жастар әлеуметтік-демографиялық топ ретінде өзіндік, соның ішінде рухани сипаттағы ерекшеліктерге ие. Көпшілік өмірдің рухани негіздерін іздеу, өмір сүрудің мән-мағынасы туралы сұрақтарға жауап табу жолында дінге келеді.

Дәстүрлі емес діни ұйымдардың ұстанушылар өздерінің діни қызметін белсенді атқарады. Олар түрлі жағдайларға икемделіп, елдегі әртүрлі топтардың психологиялық ерекшеліктерін ескере әрекет ете алады. Олар жастарға, олардың ауыспалы талаптары мен таламдарына баса назар аударады.

Діни ағымдардың қоғамға қауіп төндіретіні рас. Батыстың кейбір елдерінде «дін мемлекеттен бөлек» дегенмен, дінге өте жоғары мән беріледі. Олай етпеген жағдайда қоғамда ірікті пайда болады. Дін үлкен идеология ғана емес, ол – мемлекет біртұтастығының кепілі. Сондықтан мемлекет тарапынан оған мән берілгені жөн.

Бүгінгі таңда жат діни ұйымдардың негізгі қызмет алаңы интернет болып отыр. Интернетте адасу оңай. Бұл аса өзекті мәселе. Жат діни ағым өкілдерінің бұрынғыдай көшеде алдыңнан шығып, парақшаларын тықпалайтын әдеттері баяғыда қалған. Мамандардың айтуынша, ДАИШ халықаралық террористік ұйымының жақтаушылары әлеуметтік желілерден 2 миллионға жуық аккаунт ашыпты. Бұл олардың өздеріне қолшоқпар болатын избасарларын қай жақтан іздеу керектігін анық білгендігінің белгісі. Бүгінгі Таяу Шығыста

тері осы ғаламтор ресурстары арқылы, соның ішінде әлеуметтік желілерде жүзеге асырылуда. Жат ағымды ұстанушылардың басым көпшілігін жастар құрайды. Олар діни ағымдарға рухани азық іздеп кіріп жатқаны да қаперден шықпауы керек. Әсіресе олардың негізгі нысанасы әлеуметтік жағдайы мен дүниеге деген көзқарасы толық қалыптаспаған жастар болып табылады және діни сауаты жоқ, жұмыссыз жастарды еліктіріп қатарына тартады. Дінге қызығушылығы бар, алайда діни білімді еліміздегі мешіт, медреселерден алуға ниеті жоқ жастар ғаламторға бір кірген соң шетін идеологияларға тап келіп, сол жерлерде шырмалып қалып жатыр. Facebook, Instagram, VKontakte сияқты басқа да әлеуметтік желілерде салафизм идеологиясындағы материалдармен танысуға, оны жүктеп алуға, кейін санасы уланған соң таратуға жол ашты. Қазіргі таңда жастарымыздың интернеттегі теріс ағымға арбалмауы үшін екі нәрсе керек. Олар – медиасауаттылық және сын тұрғысынан ойлау.

Жалпы, дәстүрлі емес діни ағымдардың кездеген мақсаты – халықты айтқанға көнетін ойсыз топқа айналдырып, оларды жанды қуыршақ сияқты басқару, санасына әмір жүргізу болып табылады. Кез келген адамды халықтың, не болмаса қандай да бір ұйымның құрамдас бөлігі ретінде қарастырсақ, тұлға ұйымның ортасына түскен кезде сол ұйымның ықпалына бейімделгіш келетіні белгілі. Тұлға ұйымның арасында қалған сәттен бастап бұрынғы табиғи қалпынан өзгеріп, мүлде басқаша ойлай бастайды, сол ұйымға тән іс-әрекеттерді жасайтын болады. Мәселен, ерік-жігері төмен жандар сыртқы күштердің әсерімен болған өзгерістерге бейімделгіш келеді. Дәстүрлі емес діни ұйымдарындағыларға салқын санамен ойлау, ой қорыту қабілеті мүлде тән емес десек, артық айтпаймыз.

Соңғы жылдары діни ағымдарды таратушы псевдошейхтар интернеттің күшін білгендіктен сол жаққа қарай ауыса бастаған болатын. Оған 2020 жылғы карантин қосылғаннан кейін олар түбегейлі интернетке көшіп алды. Ал соңғы 2-3 жылда TikTok әлеуметтік желісі пайда болғаннан кейін оның ақпарат тарату күші бұрынғы әлеуметтік желілерден әлде-

бірден-бір тосқауыл болмақ. Жоғарыда айтылғандай, медиасауаттылықпен қоса діни сауаттылықты арттыру – ғаламтордағы жат ағымдармен күрестің ең бастапқы жолы. Біз айтып өткен қауіп-қатерлер – көтеріліп отырған тақырыптың бергі жағы ғана. Теріс ағымдардың айла-әрекеттері күн өткен сайын жаңарып, түрлі іс-әрекеттері пайда болуда. Ендеше біз де олардан қалыс қалмай, қарсы насихат пен күрес амалдарын жүргізе беріміз керек.

Қазіргі таңда дәстүрден тыс діни ағымдар қоғамды іштен ірітіп жатқандығы туралы жиі айтылуда. Алайда, жастар теріс пиғылды ұйымның өз жұмысын нақты қандай әрекеттер арқылы жүргізетінінен бей-хабар. Олар дәстүрден тыс діни ағымдар, дәстүрлі діндерден іргесін аулақ салған, белгілі бір діни мақсатты көздейтін ұйым екендігін біледі. Алайда, олар өздерін адамның рухани қажеттіліктерін өтейтін, өмірдің мәнін ұғынуға көмектестің, рухтың мәңгілік екендігін түсіндіретін, пендеге тән қайғы-қасіреттерден құтқарып, өзін-өзі жетілдіруге ықпал ететін адам ретінде көрсетуді шебер меңгеріп алған. Олар діни сауаты жетіле қоймаған, өмірлік бағыт-бағдары жаңа қалыптасып келе жатқан жастарды алдау-арбау арқылы өз қатарларына тартады.


Ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып пен дәстүрлі діндерді аяқ асты ететін радикалды ұйымдардың өз ойларын әртүрлі алдау-арбау тәсілдерімен жүзеге асыратынын жастар біле бермейді. Мұның соңы ел ішіндегіынтымақ пен қоғамның тыныштығына, мемлекетіміздің ішкі қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп, лаңкестік әрекеттердің орын алуы әбден мүмкін.

Дін-мемлекеттің негізін құраушы ең маңызды факторлардың бірі болғандықтан, ішкі тұрақтылықтың да кепілі. Еліміздегі ортақ ауызбіршілік, елжандылық, адамды сую, бейбітшілік пен тыныштық – дәстүрлі діндердің басты ұстанымы, ал ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіретін жат ағымдардан бойымызды аулақ ұстап, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелегеннен ұтылма-сымыз анық.

**Б.ӨТЕГЕН,**  
«Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ дінтанушы-теолог маманы.



**Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму – еліміз үшін алдыңғы кезекте тұрған мәселе. Бүкіл өркениетті әлем жұртшылығы осы мәселемен айналысуда. Осы орайда Созақ ауданында нендей жұмыстар атқарылып жатқаны жөнінде Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесі директорының орынбасары Шүңіреков Самат Құлтасұлын аз-кем әңгімеге тартқан едік. Сол сұхбаттың ықшамдап алынған тұсын оқырмандар назарына ұсынамыз.**



## Басты байлығымыз баршамыздан қамқорлық күтеді

**-Орманды алқапты ұлғайту бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды тілге тиек етсеңіз?**

-Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Үкіметке экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі шараларды нақты жүзеге асыруды тапсырған болатын. Осыған сәйкес биологиялық әралуантүрлілікті сақтау және тиімді пайдалану жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарлар бекітілген. Алдағы бес жылға орман алқабында 2 миллиард, елді мекендерде 15 миллион ағаш отырғызылу жоспарланған. Жолдауда Президенттің алдағы 5 жылда республиканың орман қоры жерлерінде 2 млрд түп көшет егу тапсырмасы мен облыс әкімінің көгалдандыру жұмыстарын өз деңгейінде сапалы жүргізу туралы тапсырмасына сәйкес біршама жұмыстар бастау алуда.

Бұл ретте Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінде 2021-2022 жылды қоса алғанда алдағы бес жыл көлемінде 32 мың гектар алқапқа көгалдандыру жұмыстары жүргізілуде. Мұндағы мақсат құмды өлкенің негізгі ағаш тұқымын құраушы сексеуіл ағашының құмды өлкелердегі өсімін молайту. Сексеуіл ағашы құмды өлкені құмның көшкінінен және топырақтың эрозияға ұшырауынан сақтайтын бірден бір ағаш болғандықтан алдағы 5 жыл көлемінде орасан зор жұмыстар атқарылмақ. Осы жоспар аясында 2021 жылы 3800 гектар алқапқа, 2022 жылы 4650 гектар алқапқа сексеуіл ағашы егілді, биылғы жылдың күзінде 5200 гектар жерге сексеуіл тұқымын себу, 2050 гектар жерге сексеуіл көшетін егу үшін жер айдау жұмыстары жүргізілуде. Бұл жер айдау жұмыстарына мекемеден 9 техника бөлінді. Жер айдау жұмыстарын мамыр айының соңында аяқтауды жоспарлап отырмыз.

Облыс әкімінің төрағалығымен 2022 жылы 14 қыркүйекте өткен мәжілістің хаттамалық тапсырмасына сәйкес елді мекендерді көгалдандырудың 2022-2024 жылдарға арналған іс-шара жоспары бекітілді. 2023 жылы көктем күз айларында Созақ ауданына 17350 дана сәндік ағаш көшеттерін егу жоспарланды. Осы бағдарлама аясында Созақ ауданы әкімінің шешімімен Созақ орман шаруашылығы мекемесі балансына 10 гектар суармалы жер тұқымбақ құру мақсатында алынды, бұл тұқымбақта елді мекендерге қажетті түрлі декоративті ағаштардың және ауданымызға жерсінген ағаштардың көшетін өсіретін боламыз. Президентіміз Жолдауын басшылыққа ала отырып ауданымыздың тұрғындарына, аудан көлемінде жасыл желекті бей-берекет сыйдырмауға және елді мекен айналасын көгалдандыру жұмыстарына қолдау көрсетуге шақырамыз.

**-Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі КММ-нің**

**орманды, аң құстарды қорғау, олардың өсімін молайту барысында нендей шаралар атқарылмақ?**

-Орман шаруашылығы мекемесі орманды өрттен, сұғанақтықтан және де басқа орман қоры жерлеріндегі заң бұзушылықтан қорғау, орман қоры жерлеріндегі ағаштар мен бұталарды және аң құстарды қорғау өсімін молайту мақсатында көптеген жұмыстар атқарады. Атап айтар болсақ орман қоры жерлерінде басқа аймақтарда жыл сайын әр-түрлі жағдайларда орман өрттері орын алып едәуір алқаптар өртке шалынып жатады. Өз кезегінде өртке оранған алқаптардағы жылдар бойы күтіліп қорғалып келе жатырған ағаштар түгі қалмай жанып табиғатқа орасан зор зиян келтіріп, экологиялық жағдайлар туындатып жатады. Ауданымыздағы орман қоры жерлері мен орман қоры жерлерімен шекаралас алқаптарда өрт оқиғасын болдырмау, алдын алу шаралары үшін жыл сайын жоспарлар жасап іс-шаралар жүргізіп келеді. Оның дәлелі ауылдық орман қоры жерлерінде жыл сайын 1720 шақырым жерге минералды жолақтар жүргізіп, өртке қарсы аса қауіпті аймақтарға өрт қарауылдау бекеттерін қойып, ол бекеттерде тәулік бойы мекеме қызметкерлерінен кезекшіліктер ұйымдастырылуда. Бекеттерге арнайы өрт сөндіру автокөліктері, тракторлар соқасымен, арнайы су тасығыш цистерналар қойылады және өртке қарсы барлық құрал жабдықтармен, рациялармен, телефонмен қамтамасыз етіледі. Жыл сайын халыққа түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келуде.

Орманды сұғанақтықтан қорғау жұмыстары барысында мекеме қызметкерлері тарапынан аудандық полиция бөлімінің қызметкерлерімен бірлесіп рейдтер ұйымдастырылып заң бұзушылықтардың алдын алу жұмыстары жүргізіледі. Жүргізілген рейдтер барысында 2022 жылы 61 әр түрлі заңбұзушылықтар анықталып тиісті әкімшілік хаттамалар толтырылып келтірілген шығындар өтелді және 2023 жылы жыл басынан бері

35 оқиға тіркеліп тиісті шаралар қабылданды. Рейдтерді жүргізу үшін мекемеде қызметкерлері 6-дана патрульдік автокөліктермен, 34 дана рациялармен, GPS-навигатор құрылғыларымен қамтамасыз етілген. Ауданымыз құмды аймақ болғандықтан орман қоры жерлерінде алуға тиым салынған сексеуіл ағаштары өседі. Сексеуілдің – шөлейтті аймақта және құм өңірінде өсетін басқа ағаш түрлерімен бірге құм тоқтатуда айрықша экологиялық мәні бар. Сексеуілді шамадан тыс және көп алқапта кесу сусымалы құмның ұлғайуына және экологиялық тұрақтылыққа кері әсерін тигізеді. Сексеуіл ағашын сындырудың алдын алу шаралары барысында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Сексеуіл ағашын қорғау мақсатында Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 2015 жылғы 13 тамыздағы № 211 бұйрығы республика аумағындағы мемлекеттік орман қоры учаскелерінде мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сексеуіл ағаштарының барлық кесік түрлеріне 2018 жылдың 31 желтоқсанына дейін шектеу қойылған. Сонымен қатар 2017 жылғы бірінші шілдеден «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өсімдіктер және жануарлар дүниесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енді. Осы заңның күшімен Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 32 бабына 4-4 тармақшасымен толықтырулар енгізіліп, 2017 жылдың 1-шілдесінен бастап Республика аумағында сексеуіл отындарын сауда нүктелерінде сатуға тиым салынды және Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 2015 жылғы 13 тамыздағы № 211 бұйрығына, 2018 жылдың 06.12.2018 жылы №17-5-6/326 және 28.03.2019 жылғы № 17-5-6/82 санды бұйрықтарымен өзгертулер енгізіліп сексеуіл ағашарын кесуге 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін тиым салынған. Сексеуілді орманының көлемін ұлғай-

ту үшін әр жылы едәуір жұмыстар атқарылуда. Аң құстарды қорғау өсімін молайту үшін жыл сайын арнайы Биотехникалық іс шаралар қабылданып жабайы аңдарға арнайы тұз жемшөптер шашылап тиісті шаралар жүргізіліп отырылады. Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі бойынша сексеуіл ормандарын, аң құстарда қорғау өсімін молайту бағытында қазіргі таңда 55 орман күзеті қызметкерлері жүйелі жұмыстар атқаруда.

**-«Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-сі бойынша орман пайдалану бойынша жасалынған жұмыстары?**

-Орман заңнамалары негізінде ор-

ман қоры аумағында жыл сайын өртті болдырмау алдын алу және орманды зиянкестерден қорғау мақсатында орман алқаптарында тазалау жұмыстары жүргізіп отырылады. Соның бірі қазіргі таңда бізде қолданыстағы «өзгеде ағаш кесуден» «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-сі жерінің «КАТКО» БК ЖШС-не 04.06.2021жылғы облыс әкімінің №131 қаулысы негізінде уран өндіру үшін берілген 955 га жер көлемі алаңдарын тазалау үшін рұқсат берілген 1200 м3 сексеуіл отыны аудан тұрғындарына тамызық ретінде толығымен босатылып, одан 1 611 000 теңге түсіріліп қазіргі таңда 1000 гектар жерден 500 м3 жыңғыл отыны босатылуда.

**-Қазіргі таңда ауданымызда мал басының көбеюіне байланысты орман қоры жеріндегі жайылымдық жерлер бойынша мәлімет берсеңіз?**

-Жалпы, мекеменің 1 014 898 гектар жерінің 101000 гектардан астам жері арнайы жайылымдық болып есептеледі. Орман қоры жерлерін 100-ден аса шаруа иелері жайылымдық немесе шабындық ретінде пайдаланады. Қыс мезгілінің суықтығына байланысты орман қорын негізі қыстық жайылым мақсатында пайдаланады. Пайдалану барысында орман қоры жерлерінде ҚР өрт қауіпсіздігі қағидаларын және орман кодексі бойынша қойылатын барлық талаптарды қатаң сақталуы керектігі ескертіліп, келісім шарт түзіледі. Қазақстан Республикасының орман кодексінің 34 және 88 бабының 4 тармағын басшылыққа алып, орман пайдаланушының өтінішіне сәйкес орман билеті негізінде 1жылға дейін орман қоры жерлерінде мал жаю және шөп шабу мақсатында пайдалануға болады. «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-сі, 2022 жылы орман билеттері негізінде уақытша мал жаю, шөп шабу үшін 94-жеке тұлға және 19-заңды тұлғаға берілген 84567 гектар жайылымдық жерлерден 6 783 000 теңге түсім түсірілді.

2023 жылдың наурыз айына дейін орман билеттері негізінде уақытша мал жаю, шөп шабу үшін -25 жеке тұлға және 7-заңды тұлғаға берілген 25 000, гектар жайылымдық жерлерден 2 200 000 теңге түсім түсірілді. Созақ орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі ауданымыздың гүлденіп көгалдануына айтарлықтай үлес қосып келе жатыр. Орманды даланы қорғауға алып, еліміздің экологиялық жағдайын жақсарту үшін жұмыс жасаудамыз. Бұдан кейінде еліміздің көркейіп көгалдануына өз үлесімізді қосып, ауқымды жұмыстар атқарылады.

**-Сұхбатыңызға рахмет! Ел игілігі жолындағы еңбектеріңіз жандана берсін!**

-Сізге де үлкен рахмет!

Сұхбаттасқан:  
Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

### Хабарлама

Түркістан облысының әкімдігінің 04.06.2021ж №131 қаулысын және Қазақстан Республикасының экология, геология және табиғи ресурстар Министрлігінің орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 27.12.2022ж. №27-5/360-нқ бұйрығымен, сұралған жалпы алаңы 1243,05 га жер учаскелерінен алаңы 955,5 га жер учаскесіндегі 1178,5 текше метр көлемінде сексеуіл ағашын беруге рұқсат берілген. Аталған рұқсат негізінде «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-не қарасты орман қоры жерлерін тазалаудан тамызық отын ретінде аудан тұрғындарына 10.01.2023 жылдан бастап сексеуіл ағашы босатылып 28.02.2023 жылы сексеуіл ағашының белгіленген мөлшерінің таусылуына байланысты тоқтатылды.

Бүгінгі таңда, «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-не қарасты орман қоры жерлерінен өтімді үйінділерді жинаудан, жиыңғыл бұтасына рұқсат берілуде. Рұқсат құжаттамасында көрсетілген жиыңғыл ағашынан басқа ағаш түрін алған заңсыздық болып табылады. Тамызық отын алу, тасымалдау барысында орман қоры жерлерінде өрт қауіпсіздік ережелері мен Қазақстан Республикасының орман заңнамаларын қатаң сақталуын ескерейік.

Ә.АЛТАЕВ,  
Орман пайдалану инженері.



Бүгінгі таңда қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою өте маңызды. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдар заң мен сот алдында тең.

Бүгінде ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе

ұрпағымызды адалдыққа үйретуіміз керек. “Тәрбие тал бесіктен басталады” деген қазақ, егер кішкентайнан баланың санасына адалдық, жауапкершілік, отаншылдық қағидаттарын сіңіретін болсақ, есейген кезде оның бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитет қалыптасады.

Қоғамда сыбайластыққа қарсы насихаттау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Халқымызда “Еңбекпен тапқан нан тәтті” деген асыл сөз бар. Қай кезде де адамды

## Біздің ұран — жемқорлықтың алдын алу

берілген, сыбайлас жемқорлықты жою және оның көріністерін болдырмау жөнінде қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды науқан жүргізілуде. Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып айқындалған.

Мемлекеттік қызметкердің атына кір келтіретін әрекеттерден әркімнің де аулақ болғаны жөн. Бұндай заң бұзушылыққа қасақана барғанға қатаң жазаға тартылады. Әрине, ең алдымен бүгінгі адал ұрпақ тәрбиелеу-қай уақытта болса да өз маңыздылығын жоғалтпаған мәселе. Өскелең ұрпақ сыбайлас жемқорлықтан аулақ болу үшін, әр отбасынан бастап, халқының мүддесін өз мүддесінен артық қоятын, адалдық, бауырмалдық, адамгершілік сынды асыл қасиеттерді бойына жинай білген ұрпақ тәрбиелеу-басты міндет. Болашақ

адам ететін адал еңбектің құндылығы жоғалмайды. Бәрімізге Мемлекеттің дамуы үшін адал еңбек етіп, табан ақы мандай термен тапқан табысты қанағат тұтып, адалдық арынан аттамау мақсатын алға қойған абзал.

Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

**Ж.ШАБАҚОВ,**  
*Созақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының жетекші маманы.*

## Сыбайластық әрекетке жол жоқ!

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсасмайтын өлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдатыны анық. Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу

жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады. Елбасы биылда «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты өзінің Қазақстан халқына Жолдауында «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» деп атап көрсетті. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық

өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады. Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін ретінде «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген.

**А.УТЕПОВ,**  
*ҚР АШМ ВБЖҚК Созақ аудандық аумақтық инспекция басшысының міндетін атқарушы.*

## Қоғамның қауіпті індеті

Сыбайлас жемқорлық-заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдар-

дың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі — ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

**Қарлығаш ЖУБАЕВА,**  
*аудандық ХҚКО маманы.*

## Адалдықтың ары биік

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын орындаудың бірыңғай механизмін қалыптастыру, барлық мемлекеттік органдардың іс әрекеттерін үйлестіру мен Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын оның басымдылықтарын іс жүзіне асыру үшін жасалған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен оның міндеттерін нақтылау мен шектеу саласында мақсатты бағытталған мемлекеттік саясат азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейінің өсуіне әсер ететіні сөзсіз. Сыбайлас жемқорлық-елеулі зардаптарға әкеліп соқтыратын қауіпті жағдайлардың бірі. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, мемлекеттік қызмет туралы заңдылық талаптарын іс жүзіне асыру мемлекеттік қызметкерлердің тәртібін нығайтуға мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес науқандық жұмыс емес. «Жемқорлық-індет, оны жою міндет», демекші, жемқорлыққа қарсы күрес қоғамымызда бір сәт те таластамауы керек. Бұл күрделі жұмысқа құқық қорғау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, құқықтық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі бақылаушы органдар мен қоғамдық ұйымдар, бүкіл халық болып белді бекем буып білек сыбана араласу қажет. Біздің міндетіміз мемлекет өмірінің барлық салаларындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету. Азаматтардың құқықтық білім деңгейін көтеріп, билікке деген сенімді нығайтып, жеке меншікті әсіресе шағын және орта бизнесті дамытып, әлеуметтік және саяси тұрақтылықты нығайтып, бюджетке барынша пайда келтіру мақсатында бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, ел ырысын ысырап қылар ынсапсыздыққа ырық бермей отырсақ игі іс болар еді.

**Бақдәулет ӘБИШОВ,**  
*Құмкент ауылдық округі әкімінің кеңесшісі басқарушысы.*

## Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері бұзған жағдайда 4-7-27, 4-7-24, 8700-467-93-72, 8700-467-93-75 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

**«Созақ ауданының Құмкент ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.**

## Қоғам дертімен бірге күресейік!

Сыбайлас жемқорлық-заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі — ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

**Марат СУГУРШАЕВ,**  
*ҚР АШМ АӨК МИК Созақ аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор.*



## Хабарландыру

«Оңтүстік» АҚ «Волковгеология» В.Г. ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес сағат 15:00-де хабарлайды. 00 мин. 2023 жылғы 29 наурызда Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тайқоңыр ауылы, Тұлпар көшесі, 1 ғимарат, Демур клубы мекенжайы бойынша қоғамдық тыңдаулар келесі құжаттар пакеті бойынша қоғамдық тыңдаулар түрінде өтеді: Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, ТҚҚ полигонының салдарынан бүлінген жерлерді рекультивациялау жобасы, рұқсат етілген шекті шығарындылар жобасы, шекті рұқсат етілген төгінділер жобасы, Экологиялық іс-шаралар жоспары, рұқсат алуға рұқсат.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ «Түркістан облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» мемлекеттік мекемесінде қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады, сағ. мекен-жайы: Түркістан қаласы, Жаңа қала көшесі, 32 бөлме. 321, эл. е-mail a.shymabekova@ontustik.gov.kz. 8 72 533 59849

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Волковгеология» АҚ «Оңтүстік» В.Г. БСН 990141006221; Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тайқоңыр елді мекені, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас маман – Утжанов А, тел. 87058478989, электрондық пошта: utjanov\_aza@mail.ru  
- Әзірлеуші: «КазПрогрессСоюз» ЖШС; БСН: 110240020787, Қазақстан Республикасы, Астана қ., көш. Қ Мхамедханова д 21 к 7 32 кабинет  
директоры - Кошпанова А тел.: 8(705)7235363, электрондық пошта: kazprogresssoyuz@yandex.kz.

## Объявление

АО «Волковгеология» «Онтустік» ВГ сообщает, что в 15 час. 00 мин. 29 марта 2023 года по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, пос Тайкоңыр, улица Тулпар здание 1, клуб Демур состоятся общественные слушания в форме публичных слушаний по пакету документации: Программа производственного экологического контроля, Программа управления отходами, Проект рекультивации нарушенных земель последствий деятельности полигона ТБО, проект предельно-допустимых выбросов, проект предельно-допустимых сбросов, План природоохранных мероприятий, разрешение на получение разрешения.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также в ГУ «Управление недропользования, окружающей среды и водных ресурсов Туркестанской области», по адресу: г. Туркестан ул Жана кала здание 32 каб. 321, эл. адрес a.shymabekova@ontustik.gov.kz. 8 72 533 59849

Инициатор намечаемой деятельности: АО «Волковгеология» «Онтустік» ВГ

БИН 990141006221; Республика Казахстан, Туркестанская область, Сузакский район пос Тайкоңыр, главный специалист ООС-Утжанов А, тел. 87058478989, email: utjanov\_aza@mail.ru  
-Разработчик: ТОО «КазПрогрессСоюз»; БИН: 110240020787, Республика Казахстан, г. Астана, ул. К Мхамедханова д 21 к 7 оф 32 директор – Кошпанова А тел.: 8(705)7235363, email: kazprogresssoyuz@yandex.kz.

## Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері бұзған жағдайда 23-3-03, 23-5-43 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

**«Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.**

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің кіші қызметкері Бекмұратов Сәкенге әкесі **Бекмұратов Нүрсейіттің** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің еңбек пенінің мұғалімі Қодасова Ақмаралға ағасы **Қодасов Мұқаштың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## Хабарландыру

«Уранқуат» ЖШС-нің Таукент филиалы тұтынушылардың алдында 2022 жылдың қорытындысы бойынша жылдық есеп беру жайында жария тыңдау болатынын хабарлайды.

Жылдық есеп тұтынушылардың алдында төмендегі қызмет көрсету түрлері бойынша өткізіледі:

-Электр энергиясын тасымалдау;

-Суды беру және сарқынды суды бұру;

-Инвестициялық бағдарламаның орындалуы.

Жария тыңдау мына мекен жайда өтеді: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті, Қанжұған кеніш аймағы, «Уранқуат» ЖШС-нің Таукент филиалының ғимаратында, 2023 жылғы 17 сәуір, сағат 10-00 де өткізіледі.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

## Құрметті тұрғындар!

«Қаратау» ЖШС экологиялық әсер етуге рұқсат алу мақсатында экологиялық жобалық құжаттамаларға мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру үшін ашық жиналыстар түріндегі қоғамдық тыңдаулардың өткізілуі туралы хабарлайды

Ең жақын елді мекен – Ақсұмбе ауылы. Ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар 03.05.2023 жылы сағат 11:00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а.о., Ақсұмбе ауылы, ауылдық клуб ғимаратында өтеді. Қатысушыларды тіркеу тыңдаулар өткізудің басталуынан 1 сағат бұрын жүзеге асырылады (өзімен бірге жеке куәлігі болуы міндетті).

Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom қосымшасы арқылы онлайн режимде өткізіледі.

ZOOM конференциясына онлайн қосылуға сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROyM1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Барлық мүдделі тұлғаларды қатысуға шақырамыз.

Материалдармен бірыңғай экологиялық порталда <https://ecportal.kz> сондай-ақ, Түркістан облысының «Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Түркістан қ., Б.Саттарханов даңғылы, 27П, тел. +7 (7253) 35-98-44, электрондық пошта мекенжайы: zh.eszhanova@ontustik.gov.kz танысуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар келесі сілтемелер бойынша қабылданады: <https://ecportal.kz> және Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 27П, тел. +7 (7253) 35-98-44, zh.eszhanova@ontustik.gov.kz

ЖОО сайтына сілтеме <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar>

Қосымша ақпарат алуға болатын электрондық мекенжайы және телефон нөмірі (лері): «ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС - info@ecoexpert.kz, +7 (7212) 42-56-17.

Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы — «Қаратау» ЖШС, БСН 050740004185, кәсіпорынның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а.о., Сарыжаз ауылы, 021 орам, 192 үй, тел: +7 (7252) 99-73-70, е-mail: reception.karatau@karatau.kazatomprom.kz

Әзірлеуші – «ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС, БСН 920540000504. Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек Би атындағы аудан, Лобода көшесі, 40 құрылыс. тел. / факс: +7 (7212) 42-56-17.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

18/04/2023 12:30 «Оңтүстік Ынғай» кенішінің ҚТҚ полигонын қалпына келтіру және консервациялау жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлаймыз. Тыңдаулар Түркістан облысы, Созақ ауданы, а.а. Қыземшек ауылы, Тайкоңыр ауылы, Түркістан ауданы Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің Мыңжылқы мәдениет сарайы жанындағы Демур клубы, Тұлпар көшесі нөмірісіз 1 ғимарат мекенжайы бойынша өтеді.

Тыңдаушылар жауапты орындаушы Ергешов Әлішер Әнуарұлының алдын ала келісімі бойынша «Оңтүстік Инкай» кенішіндегі жобалық құжаттармен таныса алады. Байланыс телефоны 87021505545 немесе «Актино-СКБ» ЖШС әзірлеуші кәсіпорны, Соловьев Илья Алексеевич 87055502671 Aktino-skb@yandex.ru. жұртшылық өкілдері өз пікірлерін білдіре алады, ұсыныстарымен, ескертулерімен бөлісе алады және тыңдаулар басталғанға дейін оларды Тапсырыс берушінің электрондық поштасына жібере алады: a.ergeshov@ughk.kazatomprom.kz, info@ughk.kazatomprom.kz. құрметпен, «ЮГХК «БК» ЖШС. Тел. +7/7252/99-73-93

**«ЮГХК «БК» ЖШС.**

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

## Уважаемые жители!

ТОО «Каратау» сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме открытых собраний для осуществления государственной экологической экспертизы экологических проектных документов в целях получения экологического разрешения на возведение.

Ближайший населенный пункт – село Аксумбе.

Общественные слушания в форме открытых собраний будут проходить 03.05.2023 года в 11:00 по адресу Туркестанская область, Сузакский район, Каратауский с.о., с.Аксумбе, здание сельского клуба. Регистрация участников осуществляется по удостоверениям личности за 1 час до начала общественных слушаний (необходимо иметь при себе удостоверение личности).

В случае введения ограничительных мероприятий, в том числе карантина, общественные слушания проводятся в онлайн режиме через приложение Zoom.

Ссылка на онлайн подключение к конференции Zoom: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROyM1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Всех заинтересованных лиц приглашаем принять участие.

С материалами можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz>; также запросить в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования» Туркестанской области по адресу г.Туркестан, проспект Б.Саттарханов, д.27П, эл. почта zh.eszhanova@ontustik.gov.kz

Замечания и предложения принимаются: по ссылке <https://ecportal.kz> и по адресу г.Туркестан, проспект Б.Саттарханов, д.27П, тел +7 (7253) 35-98-44, zh.eszhanova@ontustik.gov.kz

Ссылка на сайт МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar>

Электронный адрес и номер(-а) телефона, по которым можно получить дополнительную информацию: ТОО «ЭКОЭКСПЕРТ» - info@ecoexpert.kz, +7 (7212) 42-56-17.

Инициатор намечаемой деятельности — ТОО «Каратау», БИН 050740004185, юридический адрес предприятия: Республика Казахстан, Туркестанская область, Сузакский район, Каратауский с.о., с.Сарыжаз, квартал 021, дом 192, тел: +7(7252) 99 73-70, е-mail: reception.karatau@karatau.kazatomprom.kz

Разработчик – ТОО «ЭКОЭКСПЕРТ», БИН 920540000504. Юридический адрес: Республика Казахстан, Карагандинская область, город Караганда, район имени Казыбек Би, улица Лободы, строение 40. тел./факс: 8 (7212) 42-56-17.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Сообщаем, что 18/04/2023 12:30 Состоятся общественные слушания по проекту Проект рекультивации и консервации полигона ТБО рудника «Южный Инкай». Слушания пройдут по адресу Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.а., с.Тайкоңыр, Клуб Демур при Дворце культуры Мынжылқы отдела культуры, развития языков, физической культуры и спорта акимата Сузакского района Туркестанской, ул. Тулпар здание номер 1 без номера.

Слушатели смогут ознакомиться с проектными документами на Руднике «Южный Инкай» по предварительному согласованию с ответственным исполнителем Ергешов Алишер Анварович. Контактный телефон 87021505545 или предприятием разработчиком ТОО «Актино-СКБ», Соловьев Илья Алексеевич 87055502671 Aktino-skb@yandex.ru. Представители общественности смогут выразить свое мнение, поделиться предложениями, замечаниями и отправить их до начала слушаний на электронную почту Заказчика: a.ergeshov@ughk.kazatomprom.kz, info@ughk.kazatomprom.kz. С уважением, ТОО «СП «ЮГХК». Тел. +7/7252/99-73-93

**ТОО «СП «ЮГХК».**

## Шолаққорған-Су МКК-ның 01.03.2023 жылғы №28-НҚ бұйрығы бойынша төмендетілген тариф 2023 жылдың 1 сәуірінен бастап төмендегі кестеге сәйкес төмендетіледі

қ/с	Мекеме аты	Тұтынушылар	Өлшем бірлігі	01.04.2022 жылдан бастап төмендетілген ҚҚС-сыз	01.04.2023 жылдан бастап төмендетілген ҚҚС-сыз
1	«Шолаққорған-Су» МКК	Орташа босату тариф, оның ішінде	Теңге /1м3	75,72	151,03
2	«Шолаққорған-Су» МКК	Жеке тұлғаларға (халыққа)	Теңге /1м3	47,89	95,53
3	«Шолаққорған-Су» МКК	Заңды тұлғаларға	Теңге /1м3	87,04	207,19
4	«Шолаққорған-Су» МКК	1,2-ші топқа кірмейтін басқа мекемелерге	Теңге /1м3	104,42	208,28

**Ш.ТУЛЕЕВ,**  
**«Шолаққорған -Су» МКК-ның директоры:**



Дезинфекция (зарарсыздандыру) – қоршаған ортадағы жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын жою. Дезинфекция кезінде микроорганизмдердің вегетативті түрлері ғана жойылады. Микроорганизмдерді физикалық факторлар мен химиялық

үш түрге бөлінеді: күнделікті, қорытынды, соңғы. Күнделікті – үйде немесе емдеу сауықтыру мекемелерінде бірнеше рет ылғалды зарарсыздандыру ерітіндісімен жууды айтамыз. Эпидемиялық ошақта күніне бір рет жасалынып отыра-

сағат ішінде, ауылдық жерде 12 сағат ішінде келесі жағдайларда жүргізілу керек.

-науқасты ауруханаға жатқызғанда үйінде жасау керек;  
-науқас жазылып шыққаннан кейін аурухана палата-

## Кене шағуы қауіпті

Құрметті аудан тұрғындары, күннің жылы мезгілінде табиғатта көп кездесетін жәндіктердің бірі-кене. Кене адамға көптеген аурулар таратады, солардың қатарына қырым қанды безгегін жатқызуға болады. Конго-Қырым қанды безгегі – бұл вирустан туындайтын ауру жұқпалы ауру. Қырым қанды безгегінің вирусын таратушы және оны сақтаушы Иксодес кенелері. Бұл кене вирусты тек қана өз организміне сақтап қана қоймай, айналаға таратады. Қазір кенелердің оннан аса түрінде ауру қоздырғышының өсіп-өнетіндігі дәлелденген. Еліміздің кең байтақ өлкелеріндегі кенелердің әрбір түрлерінің осы дертті таратудағы қауіптілігі бірдей емес. Европада осындай қан сорғыштардың бір түрі ауру таратса, Қазақстан және орта Азия мемлекеттерінде басқа түрі жұқтырады. Кенелер үй жануарларының, жабайы аңдардың және құстардың қанын сорып қоректенеді. Организміне ауру қоздырғышы бар кене қанын сорған жануарларға вирусты жұқтырады. Бұл аурудың адамдар арасында кездесуі кенелердің және олар қан соратын жануарлардың болуына байланысты. Аталған ауру көктем және жаз айларында кездеседі. Кенелер өсіп көбею үшін қан соруға асығады, олар бұл кездері мал мен құсқа, жабайы аңдарға жабысады. Кене адамға қадалып, қан сорған уақытта, ауру қоздырғышы денеге тарады. Аты аталған жұқпалы ауру кенелердің тек қан соруы арқылы емес, оларды қолмен мыжып өлтіргенде немесе кенені малдың денесінен алып тастаған кезде жұғуы мүмкін. Қырым-қанды безгегінің жұғуы адамның терісіне кене қанының ішіндегі ауру қоздырғыш вирустың енуіне байланысты. Сырқаттың барысында төрт кезең байқалады жасырын (инкубациялық) басталуы, дамуы және сауығуы не қайтыс болу кезеңдері. Жасырын кезең вирустың денеге енген кезінен бастап аурудың белгі бере бастаған уақытты қамтиды. Орташа есеппен бұл уақыт 2-7 күнге дейін созылады. Осы уақыттың ішінде адам денсаулығына өзгеріс байқалмайды. Дерт кенеттен басталады. Адамның басы қатты ауырып, денесі дүл-сал болады, әлі құрып, белі сырқырайды. Дене қызуы 39-41 градусқа жетеді. Адамның беті, мойны, көкіректің жоғарғы жағы өте қызарып көзі қанталап көмекке қызарады. Екі үш, кейде төрт-бес күннен кейін сырқат адамның мұрынан қан кетеді. Науқастың терісінің астына, әсіресе иық, кеуде, қарын терісіне азды-көпті қан құйылу жиі кездеседі. Қанның құрамында көптеген өзгерістер байқалады. Кейде асқанға да қан құйылып, бұл ауру адамды қазаға ұшырату мүмкін. Дерттің жеңіл орташа және ауыр түрлері болады. Қырым қанды безгегінің бір қауіптілігі - осы аурумен сырқаттанған адамның қаны сау адамның денесіне тисе, осы дерттің жұғуына себеп болады. Осы кезге дейін қырым қанды безгегі ауруын емдейтін өндірістік көлемде шығарлатын белгілі бір дәрі жоқ. Сондықтан аурудың алдын алу жолдарына зор мән беріледі.

Қоралардың көзін ойып шығарып, қи-қоқыстан тазаланған жағдайда жүргізілетін дезинсекциялық жұмыстар сапалы болады. Сол себепті залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу алдында үй-іргелік қора жайлар мен жапсарлас аймақтарды көңілдандіріп тазартып (механикалық тазарту), даярлық жасалынып, ауыл шаруашылық жануарларын кенеге қарсы инъекциялық жолмен және үй іргелік қора жайларды арнайы сұйықтықпен залалсыздандыру жоспарланған. Малдарыңыз бен қора жайларыңызды кенеге қарсы залалсыздандырудан қалдырманыңдар!

Кенесі көп жерде кенеден сақтану үшін арнаулы киім (комбинезон) киіп жүру қажет. Егер ол болмаса шалбардың балағын етіктің ішіне салып көйлекті шалбардың белбеуімен қағып байлаған жөн. Сыртқы киімнің жеңін де жағасын да түймелеп алу керек. Кенесі бар жерде болған адамдар үйге қайтқанда басты, мойынды, қолтықтың астын мұқият қарағаны дұрыс. Жабыса қалған кенені ақырын алу керек. Бұл зиянкесті мұқият алмаса, оның аяғының тікенектері адамның терісінде қалып жара пайда болады. Кенені қолмен ұстап өлтіруге болмайды, өйткені оның вирусы қолға жабысып денеге өтіп кетуі мүмкін. Қырым қанды безгегімен ауырған, не оған күдікті адам дереу аурухананың жеке палатасына орналастырылады. Ауруханаға қатаң тәртіп сақтап, сол палатаға жауапты медицина қызметкері тағайындалады. Көп адамдар Қырым-қанды безгегінің жұқпалы екендігін және онымен ауырған адамды қалай күту керектігі туралы біле бермейді.

Егер сізді кене шағып, дене қызуыңыз көтерілсе, әлсіздік пайда болса шұғыл түрде тұрғылықты мекен-жай бойынша міндетті түрде емдеу мекемесіне медициналық көмекке жүгініңіз!

**Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасының «Ветеринариялық қызмет» ШЖҚ МКК Созақ ауданы филиалы.**

## Дезинфекция дегеніміз не?

заттармен жоюға болады. Дезинфекцияның мақсаты: ЕПМ палаталарынан сыртқы ортаның объектілерінен жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын кетіру және жою.

Зарарсыздандырудың екі түрі бар: профилактикалық және ошақты. Профилактикалық зарарсыздандыру емдеу сауықтыру мекемесінде аурухана ішлік жұқпалы аурулардың алдын алу үшін жүргізіледі.

Ошақты зарарсыздандыру инфекция ошағын алғашқы 6-12 сағат ішінде қоздырғыштардан тазалау үшін жүргізіледі

Ошақты дезинфекцияның

ды. Мысалы: палатада күніне 2 рет, процедуралық бөлмеде 3 рет, асханада әр тамақтан кейін, әжетханада ластанған сайын, манипуляциялық бөлмеде әр бір манипуляциядан кейін зарарсыздандыру жүргізіліп отырады. Қорытынды – науқас емделіп жақсы болып емханадан шыққан соң, науқасты бір бөлімшеден екінші бөлімшеге ауыстырғаннан кейін немесе қайтыс болғаннан соң бір рет өткізілетін шара.

Зарарсыздандыру мақсаты эпидемиялық ошақты инфекцияда толық бір жолата босату. Ол 1 рет жасалынады, қалалық жерде 5-6

сына жасау керек;

-науқас басқа бөлімшеге ауыстырылғанда палатаға жасалуы керек;

- науқас қайтыс болғанда;

Соңғы –терапия бағыттағы бөлімшелеріге айына бір рет, ал хирургиялық бағыттағы бөлімшелерге және операциялық, таңғыш тауы, босану залдары, жаңа туылған балалар, шала туылған балаларға аптасына бір рет жалпыжинастыру жүргізіледі

**Х.ОСПАНОВ,**

**Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқарма басшысы.**

## Бруцеллез (сарып) ауруының адам өміріне төндіретін қауіпі

Бруцеллез ауруы бірнеше шет мемлекеттерде кең таралған. Тропикалық Африканың мемлекеттерінен бастап Алясканың мұз құрсаған аймақтарына дейін бұл жұқпалы ауруды кездестіруге болады. Ертеде өмір сүрген грек дәрігері Гиппократ (б.э.д. төрт ғасыр бұрын өмір сүрген) адамның буын-буынын кеміріп, сай-сүйегін сырқырататын, қара терге түсіріп, тынышын алатын осы бір ауру бруцеллез туралы кезінде жазған екен. Мәселен, қазақ халқы оны «селсоқ ауруы», «сарып ауруы» десе, түзкмен ағайындар «ешкінің безгегі» деп атап келгенін білеміз. Бруцеллезбен малдар қалай ауырады және адамға қалай жұғады? Бруцеллез микробтары тек мал мен адам организміне ғана емес, сондай-ақ толып жатқан жабайы хайуандарда, аңдарда, тышқандарда және т.б. кездесетіндігін жоғарыда айтып өттік. Алайда бруцеллез ауруы адамға көбінесе малдан жұғады. Өйткені адамның көбірек араласатыны мал ғой. Бруцеллез ауруының жұғуы (80%) сәуір-шілде айларында байқалады, яғни көктемгі немесе жазғы мезгілдерде көбірек кездеседі. Демек, малдың іш тастаған жерлеріндегі (жайылым, қора және т.б.) микробтар адамға, сау малға жұғуы ықтималдылығы өте жоғары болады. Осындай жерлерге мал иесі жергілікті ветеринар мамандарға хабарлап дезинфекция жасатуға міндетті (ҚР АШМ 2015ж. 29.06. №7-1/587 «Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар»; Дезинфекция, дезинсекция, дератизация

жүргізу қағидалары). Бруцеллез микробтары ауру малдың зәрі, жыны мен қиы арқылы да үнемі шығуынан мал жайылымдары мен суаттары, ондағы шөп, топырақ, су, қысқасы, сол аймақтың бәрі де түгел ластануы мүмкін. Кейде тіпті құдық суының өзін қайнатпай ішу де өте қауіпті, себебі ауру малдың зәрі арқылы ластанған топырақ, шаң-тозаңның құдыққа түсуі ғажап емес. Сонымен қоса ауру малдың терісі, жүні, түбіті арқылы да бруцеллезнің жұғуы әбден ықтимал. Сондай-ақ ауру сиырдың, ешкі мен қойдың сүтінде де микробтар өте көп болады. Қоздырғыштар шикі сүттен жасалған тағамдарда: брынза, кілегей, қаймақ, қымыз, май, шұбат, ірімшік, ет, т.б. ауыл шаруашылық өнімдерінде кездеседі. Сиыр бруцеллезімен адам сирек ауырады. Ал сиырлардың қой, ешкі бруцеллезін жұқтыруы өте қауіпті. Егер қой, ешкі малының бруцеллезі адамға жұқса бұл өте қатерлі, адамның ұрпақ әкелмеу мүгедектігіне әкел соғады.

Эпизоотиялық ошақтарда жүргізілген зерттеулер кезінде анықталғандай аурудың таралуына көбінесе адами факторлар себеп болуда. Мал иелері тарапынан ҚР «Ветеринария туралы» Заңының 25 бабымен белгіленген міндеттері мен «Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларымен» белгіленген талаптардың орындалмауы себебінен жануарлардың аса қауіпті аурулары таралуда. Атап айтқанда, әрбір мал иесі басқа жақтан мал әкелгенде немесе

сатқанда жергілікті мал дәрігерлерін ескертпейді, сырттан құжатсыз әкелген малды карантинге қоймай жұқпалы ауруларға қанын алып зерттеместен ауылдың жалпы табынына (отарға) немесе шаруа қожалығының малына қосып жібереді. Көбінесе мал иелері ауруға анықталған жағдайда етке өткізбей алып қалады. Қора-жайға көктемде мал қорадан шығарда және күзде қораға кірерде дезинфекция жұмыстары жүргізілмейді. Бруцеллезге анықталған малын уақтылы етке өткізбей, ветеринария қызметкерлеріне сенімсіздік білдіреді. Тағы бір ескеретін жағдай, ауру мал төлдегенде шұын немесе өлі туған төлді итке тастағаннан ит арқылы бруцеллез ауруы көрші аулалардағы сау малдарға жұғады. Сондықтан, малдың шұын немесе өлі туған төлді өртеп жіберу немесе мал қорымына тастау керек. Бруцеллез қоздырғыштары малдың тезегінде, зәрінде, ластанған суда қырық күнге дейін өлмей өмір сүре береді және суыққа төзімді келеді. Қорыта айтқанда, «сақтансаң, сақтаймын дегендей» дер уақытында ветеринария саласының мамандарына дер кезінде хабарлап тиісті ветеринариялық іс шаралардың атқарылып, мал иелері тарапынан өз міндеттерін жауапкершілікпен орындаған жағдайда бруцеллезді жеңуге болады.

**А.УТЕПОВ,**

**ҚР АШМ ВБЖҚ Созақ аудандық аумақтық инспекция басшысының міндетін атқарушы.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

Директор:

**Абилпаттаев Ержан Бақытжанович**

**Бас редактор: Теңісбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы Жауапты хатшы Мақсат Қарғабай Редакция құрамы:**

Аға тілші-  
Нұржамал МАЙУСОВА  
Тілшілер-  
Данияр БЕКОВ  
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ  
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ  
Дизайншы-  
Асхан БАҚТЫБАЕВ  
Теріші-  
Багила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымы есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.